

**"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111  
қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 қыркүйектегі № 958 қаулысы  
. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы  
№ 581 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) білім беру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 63-1) тармақшамен толықтырылсын:

"63-1) баланың құқықтарын қорғау саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;"

ведомствоның функцияларындағы 55) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов

